

Жер учаскелеріне қауымдық сервитуттар белгілеу туралы

Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 31 мамырдағы № 1080 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 18-бабына, 69-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес, жер комиссиясының 2022 жылғы 21 сәуірдегі № 824 қорытындысы, "Қостанай қаласы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің 2022 жылғы 16 мамырдағы № 501, 504, 505 бұйрықтарымен бекітілген жерге орналастыру жобалары негізінде Қостанай қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "LKW-TRANS" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне электрмен жабдықтау желілерін пайдалану үшін Қостанай қаласы, Уральская көшесі, 56/3, Уральская көшесі, 56/5 мекенжайы бойынша орналасқан жер учаскелеріне қауымдық сервитуттар белгіленсін, алаңы:

0,0259 гектар;

0,0984 гектар;

0,1572 гектар.

2. "Қостанай қаласы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Қостанай қаласы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

М. Жүндібаев